

8D02301 - филология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы PhD академиялық дәрежесін алу үшін дайындаған Молдир Айdosовна Алшынбаеваның «Киелі ұғымдардың тілдік көрінісі (қазақ, ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы туралы

## ПІКІР

М.А.Алшынбаеваның зерттеу жұмысы тілі біліміндегі өзекті мәселелердің біріне арналып жазылған. Өйткені қазіргі антропоцентристік бағыттағы еңбектерде тіл мен ұлт, тіл мен мәдениет, тіл мен ойлау, тіл мен психология, философия байланысында қарастыру, зерттеулер өзекті мәселелердің біріне жатады. Атап айтқанда, қорғауға ұсынылып отырған диссертация – қазақ, ағылшын тілдерінің материалдары негізінде туыс емес екі халықтың тілдік санасында сақталған киелі (сакральды) ұғымдардың тілдік көрінісін айқындаған анықтауға бағытталған, бүгінгі ғылым талабына сай орындалған ғылыми зерттеу жұмысы.

Тіл қоғамық құбылыш ретінде адам әрекетінің барлық жағын қамтитын тарихи категория екені белгілі. Тіл мен ұлттық сана өзара тығыз байланыста өмір сүреді, соның нәтижесінде тілдік фактілер мәдени-ұлттық көзқарасты, тілдік стреотиптерді тану және халықтың тілдік санасының көрінісін тіл арқылы оның құндылықтық-антропологиялық бейнесін тануға болады.

Осыған байланысты екі тілге ортақ ұғымдардың киелі мәнін ашу, тілдік презентациясын жасау үшін докторант дәстүрлі салыстырмалы/салғастырмалы, сипаттамалы әдістермен қоса, философиядағы метафизикалық сипаттауды қолданған. Көптеген салғастырмалы зерттеулерде екі тілдің дерегін салғастырумен, бір тілден екінші тілдің өзшелігі немесе ұқсастығын көрсетумен ғана шектелсе, диссидент тілдік бірліктердің мәнін қазіргі адамтану бағытына сәйкес мифология, дінтану, этнография, тарих, археология және тағы басқа да көптеген ғылымдардың деректерін пайдалана отыра салыстырып, киелі ұғымдар (заттар, сандар жануарлар: жылқы, бәрі мен ит) табигатын жаңа қырынан ашқан. Бұл айтылғандардың барлығын жұмыстың өзіндік жаңалығына жатқызуға болады.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде шетелдік, ресейлік және отандық лингвистердің тіл мен мәдениет, тіл мен ойлауға қатысты зерттеу еңбектеріндегі, ой-пікірлеріне және тұжырымдарына сүйенген құптарлық.

Зерттеудің әрі теориялық маңызы, әрі практикалық мәні бары сөзсіз, алайда диссертациялық жұмыста орфографиялық, пунктуациялық қателер кездеседі және ғылыми жұмыстың мазмұндық құрылымына ұсыныс ретінде екінші бөлімдегі киелі сандарға қатысты берілген ақпараттардың бөлімшелерге бөліп қолдану жұмыстың маңыздылығы мен сапасын арттыратыны сөзсіз.

Зерттеу барысында жинақталған тілдік материалды лингводидактикалық, танымдық сипаттағы иллюстративтік материал ретінде, сөздіктерді

құрастыруда тілдік дерек ретінде, оқу-әдістемелік құралдарды жазуда қолдануға болады.

Диссертацияның құрылымы, мазмұны, ғылыми негізделу дәрежесі зерттеу барысында жасалған түйін, тұжырымдары диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес. Зерттеушінің теориялық дайындығы, тақырыпты менгеруі, тілдік деректерді жинақтап, сұрыптауы диссертацияның ғылыми деңгейін, теориялық-практикалық құндылығын арттырған.

Әрбір ғылыми нәтиже мен ізденушінің диссертациядағы түйіні мен қорытындысы өзара байланысты, бірінен-бірі туындалған. Әр бөлім, тараушалардағы пікір-тұжырымдар бір-бірімен сабактасқан.

Қорыта айтқанда, 8D02301–филология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы PhD академиялық дәрежесін алу үшін дайындаған Молдир Айdosовна Алшынбаеваның «Киелі ұғымдардың тілдік көрінісі (қазақ, ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде)» тақырыбында жазылған диссертациясын дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, аяқталған жұмыс деп есептеп, диссертациялық жұмысты қорғауға ұсынуға, оның авторына 8D02301–филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймыз.

**Рецензент:**

Шетел филологиясы  
кафедрасының профессоры, ф.ғ.д.



Г.И. Исина